

МДУ №17 «Шұғыла» бобекжай – балабақшасы



Ақтөбе қаласы
2023-2024оқу жылы

Бекітемін:

 № 17 «Шүгіл» бөбекжай-балалық
 меңгерушісі Жетілгенова Д.Н.
 «01» қыркүйек 2023 ж

2023-2024 оқу жылындағы «Педагогикалық әдеп» кеңесінің жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Іс-шара түрі	Өтетін уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.	Педагогикалық әдеп құрамын бекіту.	Қыркүйек	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
2	«Педагог мәртебесі» туралы 27.12.2019 ж заңымен танысу	Әңгімелесу	Қазан	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
3	Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері	Дөңгелек үстел	Қараша	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
4	Тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп	Ток-шоу	Желтоқсан	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
5	Педагогтың бейнесі Өзін-өзі тәрбиелеу жолдары	Бейнероликтер байқауы	Қаңтар	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
6	Педагогикалық әдеп негізінде кейіпкерлер және олардың шешу жолдары.	Пікірталас сайысы	Ақпан	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
7	Педагогикалық әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау.	Дөңгелек үстел	Наурыз	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
8	Педагогтың мәдениеті мен кәсіби қарым-қатынас этикасы	Іс-шар Челлендж	Сәуір	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері
9	Педагогикалық әдеп Ұлы ұстаз тәжірибесі сыр шертеді.	Мерекелік кеш	Мамыр	Әдеп кеңесінің төрайымы Кеңес мүшелері

МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ
№17 “ШҰҒЫЛА”
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
ЯСЛИ-САД №17 “ШҰҒЫЛА”

Бұйрық № 28

Ақтөбе қаласы

08.10.2025 ж

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру» туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы
11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 03.10.2022 жылғы №178 бұйрық негізінде құрылған «Педагогикалық әдеп кеңесі» мерзімінің аяқталуына байланысты қайта құрылсын.
2. «Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы» кезекті педагогикалық кеңесте сайланып, балабақшаның ресми акаунттарына «Instagram» әлеуметтік желісінің парақшасына жариялансын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын әдіскер Ж.Курамысоваға жүктелсін.

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:



Д.Н. Жетилгенова

№17«Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Ақтөбе қаласы

03.10.2022ж

«Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту»

1. Комиссия төрайымы – Алдиярова Гүлзия Төлемісқызы Ақтөбе қаласы білім бөлімінің жалпы және орта мектепке дейінгі білім беру секторының меңгерушісі
 2. Ахметова Калима Н. - «Әдеп кеңесінің» төрайымы
 3. Калнева Жумабике Шамшудинова –зейнеткер балабақша басшысы
 4. Кунакбаева Алия Б. - кәсіподақ төрайымы
 5. Ахметова Г.Қ. – балабақша әдіскері
 6. Сактаганова Анаргүл А. – дене шынықтыру нұсқаушысы
 7. Тлеуова Жанар Қ. – тәрбиеші
- Жолан Аружан Т. - комиссия хатшысы

№17 « Шұғыла» б.б меңгерушісі

Хатшы



Жетпілгенова Д.Н

Жолан А.Т

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту»

Хаттама №1

Қатысушылар: балабақша ұжымы

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережесін түсіндіру.
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жетилгенова Д.Н. сөз сөйледі. Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары: адалдық, әділдік, Жеке тұлғаның қадір қасиеттерін құрметтеу, патриотизм, жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік, кәсіби ынтымақтастық, үздіксіз кәсіби даму жатады деп қамтыды. Педагогикалық кеңестің мерзімі үш жылды құрайды. Кеңес төрағадан, хатшыдан және кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны так болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс деп атап өтті.

Екінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Ахметова К.Н. сөз сөйледі. Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін бірден бір жан болса, ол-ұстаз деп көрсетті. «Шәкірттің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай тәрбиеші балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қолынан келгенінің бәрін үйретіп, бағыт-бағдар беріп, сыртқы келбетімен, киім үлгісімен, өзін-өзі ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс деп қамтыды.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдептің құрамын бекіту.
2. Педагогтың жұмыс барысында өзін ұстау білуі мен киім тәртібін қадағалау.

Бб меңгерушісі:

Хатшы:



Жетилгенова Д.Н.

Жолан А.Т.

№17 МКҚК «Шұғыла» балабақшасы

«Педагог мәртебесі заңы»



Әңгімелесу

«Педагог мәртебесі заңы»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Педагог мәртебесі туралы

Осы Заң педагогтің мәртебесін айқындайды және оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес - педагогикалық әдеп қағидаларының бұзылуын карап, нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар енгізу, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға және профилактикасына бағытталған шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алкалы орган;

2) педагогтің кәсіби стандарты - педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

3) педагог - тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіптік білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және (немесе) білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ кәсіптік стандартта көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін адам;

4) тәлімгерлік - педагог лауазымына жұмысқа алған қабылданған адамға кәсіби бейімделуге практикалық көмек көрсету бойынша орта білім беру ұйымдарында тәлімгердің ақы төленетін қызметі;

5) тәлімгер - тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог;

6) педагогикалық әдеп - педагогтердің осы Заңда және педагогикалық әдеп қағидаларында белгіленген мінез-құлық қағидалары.

2-бап. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғандардан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

Осы Заң меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, тиісті білім беру ұйымдарында кәсіби қызметті жүзеге асыратын барлық педагогтерге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт салаларындағы білім беру ұйымдарының, сондай-ақ "Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Мәдениет туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Білім туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ережелерге қайшы келмейтін бөлігінде әскери, арнаулы оқу орындарының педагогтеріне қолданылады.

4-бап. Педагог мәртебесі бар адамдар

1. Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіби білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, еңбек саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген кәсіптік стандарттарда көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін адамдардың педагог мәртебесі болады.

2. Кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер бірыңғай мәртебеге ие және өзара кәсіби қызмет ерксшеліктерімен өзгешеленеді.

5-бап. Педагогикалық әдеп және педагогтің антты

1. Педагог педагогикалық әдеп нормаларын сақтайды.

2. Педагогикалық әдеп қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3. Педагог лауазымына алғаш тағайындалатын адам ант қабылдайды.

4. Ант мәтінін және педагогтердің оны қабылдау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6-бап. Педагогтің кәсіби қызметін қамтамасыз ету шарттары

1. Педагогке өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

2. Мыналарға:

1) педагогті оның кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;

2) педагогтен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген есептілікті не акпаратты ұсынуды талап етуге;

3) педагогтің кәсіби қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;

4) педагогке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеледі.

7-бап. Педагогтің кәсіби қызметтегі құқықтары

1. Педагог өзінің кәсіби қызметінде:

1) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға;

3) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жана әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) оқу құралдарын, материалдарды және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

- 11) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;
 - 13) үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
 - 14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға;
 - 15) ұйымдардағы кітапхананы және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілер мен деректер базасына, оқу және әдістемелік материалдарға, кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз студия материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге;
 - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге;
 - 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
 - 18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
 - 19) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
 - 20) педагогикалық әдеп нормалары бұзылған жағдайда Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әділ және объективті қызметтік тергеп-тексеруге;
 - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіби дағдыларды қолдау және арттыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
 - 22) өзіне қатысты қабылданатын білім беру ұйымы басшысының актілеріне, әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;
 - 23) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;
 - 24) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтарды педагог басқа да адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ педагогикалық әдеп нормаларын сақтай отырып жүзеге асырады.

8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етуге құқығы

1. Мемлекеттік ұйымдарда кәсіби қызметін жүзеге асыратын педагогтің еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық жалақылар, қосымша ақылар, үстемесқылар және ынталандырушы сипаттағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.
Жекеменшік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құрылтайшылары немесе соған уәкілеттік берілген адам айқындайды.
2. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдар педагогтің жалақысын есептеу ерекшеліктерін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.
3. Ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдардың педагогтері мен басшы қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары арттыру коэффициенті ескеріле отырып айқындалады.
4. Мемлекеттік ұйымдардың педагогіне жұмыс орны бойынша:
философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде;
ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық

есептік көрсеткіштің 17 еселенген және ғылым докторы ғылыми дәрежесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 34 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

5. Мәдениет және спорт саласындағы қызметті іске асыратын білім беру ұйымдарын, әскери оқу орындарын қоспағанда, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогіне жұмыс орны бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамының жылдық оқу жүктемесі жұмыс уақытының жылдық нормасы шегінде белгіленеді және оны алқалы басқару органы шешімінің негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

7. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеуге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын айқындау кезінде білім алушылар санының профессорлық-оқытушылық құрамға орташа қатынасын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

8. Жергілікті атқарушы органдар педагогтерге әртүрлі ынталандырушы қосымша төлемдер, оның ішінде "Үздік педагог" атағын иеленушіге кемінде айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінде сыйақы белгілеуге құқылы.

9-бап. Педагогтің көтермелеуге құқығы

1. Адал еңбегі және өзінің кәсіби міндеттерін үлгілі орындағаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ұйымның ішкі тәртіп қағидаларында көзделген көтермелеу қолданылады.

2. Республика алдында педагогикалық қызметтегі үздік еңбегі үшін педагогке "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы беріледі.

3. Жергілікті атқарушы органдар педагогтің еңбегін көтермелеудің қосымша шараларын, оның ішінде Қазақстан Республикасында белгіленген мереке күндеріне орай бекітуге, сондай-ақ жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарын, оның ішінде біржолғы сыйақы төлей отырып белгілеуге құқылы.

Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарының сипаттамасын, беру қағидаларын, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

4. Жыл сайын тиісті республикалық бюджет қаражаты есебінен:

1) "Үздік педагог" атағын иеленушіге - 1 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы;

2) "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағын иеленушіге 2 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік грант төленеді, оны жұмсау бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

10-бап. Педагогке кәсіби қызметке рұқсат беру

1. Педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығы тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіби білімі туралы құжат болған кезде, сондай-ақ педагог біліктілігінің сәйкестігі расталған жағдайда туындайды.

Педагог біліктілігінің сәйкестігін растау тәртібін, шарттарын, мерзімдерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Педагог ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға алғаш кіріскен адамдар педагог біліктілігінің сәйкестігін растауға жатады.

3. Бейініне сәйкес келмейтін педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдарға, сондай-ақ педагогикалық білімі жоқ, бірақ даярлықтың тиісті бағыты бойынша жоғары

және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі мен біліктілігі бар адамдарға тиісті педагогикалық қайта даярлаудан өткеннен кейін педагог ретінде кәсіби қызметпен айналысу құқығы беріледі.

11-бап. Педагогтің кәсіби қызметпен айналысуына қолжетімділікті шектеу

Педагогтің кәсіби қызметіне:

- 1) заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес педагогтік қызметті жүзеге асыру құқығынан айырылған;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;
- 3) медициналық, психиатриялық қарсы айғақтар бар немесе наркологиялық есепте тұрған адамдарға;
- 4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жол берілмейді.

12-бап. Әлеуметтік кепілдіктер

1. Педагогтерге:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үйге, оның ішінде қызметтік үйге және (немесе) жатақханаға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне;
 - 3) ұзақтығы күнтізбелік 56 күнге ақысы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына;
 - 4) оларға кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет тиісті бюджет қаражаты есебінен кемінде бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемақы алуға әлеуметтік кепілдіктер беріледі.
2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарды қоспағанда, педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларда айқындалады.
3. Жергілікті атқарушы органдар кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі балалар ұйымдарынан кезектен тыс орын береді.
4. Педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді медициналық тексерулер, емдеу-профилактикалық, санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу арқылы іске асырылатын денсаулықты сақтауға әлеуметтік кепілдіктер беріледі.

5. Ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін педагогке:

- 1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша педагогикалық қызметті қала жағдайында жүзеге асыратын педагогтердің ставкасымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға арттырылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленуі мүмкін;
- 2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

6. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген педагогке жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша көтерме жәрдемақы беріледі немесе тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

7. Жергілікті атқарушы органдар педагогке тұрғын үйді жалдауға және коммуналдық қызметтерге өтемақы төлемдерін, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуға жолдама алу үшін толық немесе ішінара төлемақы, сондай-ақ педагогті әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де жеңілдіктерді көздеуге құқылы.

8. Осы баптың ережелері "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті

нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүр ету, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тисесілік белгісі бойынша азаматтардың ерекшелігін, үстемдігін не толық еместігін, олардың дінге қозғарасын насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға халықтардың тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы жалған мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқығы жоқ.

3. Педагог міндеттерін бұзғаны және педагог атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылады.

4. Педагогке қатысты қызметтік талқылаулар, тәртіптік тергеп-тексерулер және олардың негізінде қабылданған шешімдер тек оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

5. Тәртіптік тергеп-тексеруді жүргізу кезінде педагогке:

1) оған қойылатын кінәрат-талаптар туралы және осы кінәрат-талаптар үшін негіздемелер туралы ақпаратты жазбаша түрде алу;

2) осы іс бойынша барлық материалдармен танысу;

3) қорғауға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бере отырып, өз таңдауы бойынша өзі немесе өкілі арқылы қорғалу;

4) ісі бойынша қабылданған шешімдер, сондай-ақ осы шешімнің себептері туралы жазбаша түрде ақпарат алу;

5) білім беруді басқару органдарына апелляция беру немесе шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта шағым жасау құқықтарына кепілдік беріледі.

6. Педагогтің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жауаптылық шарасы туралы шешімді қабылдау кезінде білім беру ұйымының басшысы білім беру сапасындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес қызметін жүзеге асыратын педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын ескереді.

16-бап. Педагогті кәсіптік даярлау

1. Қазақстан Республикасында педагогті кәсіптік даярлау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Педагогті даярлауға арналған білім беру бағдарламалары педагогтің кәсіби стандарты талаптарының негізінде әзірленеді.

17-бап. Педагогтің біліктілігін арттыру және қайта даярлау

1. Педагог кәсіби қызметі үшін қажет жаңа құзыретті алу және (немесе) жетілдіру және (немесе) бар біліктілік шеңберінде кәсіби деңгейін арттыру мақсатында кезеңділігін және өту тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

2. Педагогтің біліктілігін арттыру мақсатында қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқу бір уақытта және үздіксіз, сондай-ақ кезең-кезеңмен (дискретті), оның ішінде жекелеген бағыттарды, сабақтарды, пәндерді (модульдерді) меңгеру, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту арқылы жүзеге асырылады.

3. Тәжірибе алмасу мақсатында тренингтерге, конференцияларға, семинарларға қатысу, басқа білім беру ұйымдарына бару, шеберлік сыныптарын, жеке және ұжымдық зерттеулер жүргізу, тәлімгерлік, кері байланысты ұсыну арқылы сабақтарды бақылау, әдістемелік құралдар мен жарияланымдар шығару педагогтің кәсіби даму нысандары болып табылады.

4. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары теориялық білімнен басқа, алған білімін практикада сапалы іске асыру үшін педагогтің қызметін курстан кейінгі әдістемелік қолдауды қамтуы тиіс.

Біліктілікті арттыру курстарын өткізетін ұйымдар кемінде бір оқу жылы ішінде курстан кейінгі әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыруға міндетті.

5. Кәсіптік қызметтің жаңа түрін орындау үшін, сондай-ақ аралас мамандық бойынша педагогикалық білім алу үшін қажетті педагог біліктілігін алу мақсатында адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта даярлаудан өтеді.

Қайта даярлау жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Қайта даярлау қорытындысы бойынша білім туралы тиісті құжат беріледі.

6. Қайта даярлау тәртібін және шартын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

18-бап. Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасының бұзылуы үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеледі.

19-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң, осы Заңның 10-бабын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы Заңның 10-бабы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Хаттама №2

Қатысушылар: «Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Педагог мәртебесі» заңымен таныстыру
2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы» Ахметова К.Н сөз сөйледі. Кеңес өз қызметін «Білім туралы» «Педагог мәртебесі» туралы ҚР заңдарында осы қағидаттарға өзге де нормативтік құқықтар мен актілерге сүйеніп жүзеге асады деді және өзге де әділдік әдептілік пен қоғамдық пікір мен жариялықты есепке алу басшылықтарын қамтыды. Педагогикалық әдептің негізгі міндеттеріне білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету. Педагогикалық әдепті бұзуда ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау педагогтердің тәртіптік жауапкершілігін қарау шаралары кіреді деп қамтыды.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Сергазықызы Ақбалдақ баяндамасында тәрбиеші ата-аналармен ,балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеттерін баяндап .

Чаттардағы қарым-қатынастардың қарапайым нормаларына тоқталып, бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезіндегі этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Кеңес шешімі:

1. «Педагог мәртебесі» заңымен таныстыру
2. Педагогтың ата-аналармен ,ұстаздармен қарым-қатынас нормалын дұрыс ұстауға кеңес беру.

Бб меңгерушісі:

Хатшы:



Жетілгенова Д.Н

Жолан А.Т



«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері»



Дөңгелек үстел

Ақтөбе қаласы
2023-2024 ж

Педагогикалық әдеп қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемдерінің бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2-тарау. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

6. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады

1) адалдық:

педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;

4) даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

25✓Хатшы жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабарлау жөнінде шаралар қабылдайды.

Кеңес отырысында істі карау, егер жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса, олардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

26✓Осы Қағидаларда тиісті хабарлау деп адамды хатпен, тапсырыс хатпен немесе жеделхат арқылы хабардар ету танылады, ол өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолхат арқылы не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып тапсырылады.

27✓Отырыста педагогтің жауапкершілігі мәселесін карау кезінде Кеңес мына мәселелерді шешеді:

1) педагогтің жауапкершілігін карау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

2) бұл іс-әрекет (әрекетсіздік) әдепті бұзу болып табылады ма;

3) бұл әдепті бұзу педагог тарапынан жасалды ма;

4) педагогтің осы бұзушылықты жасауда кінәсі бар ма.

28✓Істі карау қорытындылары бойынша Кеңес білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсынады.

29✓Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

30✓Білім беру ұйымының басшысы Кеңестің ұсынымын карау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

31✓Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

Кеңес хатшысы етініш берушіге оның етінішін заңнамада белгіленген мерзімде карау нәтижелерін жазбаша хабарлайды.

2) Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;

3) Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.

Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағаның шешімі бойынша және (немесе) білім беру ұйымы басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен астамының бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.

15✓ Педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;

2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;

3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

4) шешімді жазбаша түрде алуға;

5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

16✓ Кеңес мүшесінің жағаметі осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ Кеңес мүшесі қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

17✓ Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:

1) уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда, Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған;

2) Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген;

3) педагогке қатысты талқылау мәліметтері оның жазбаша келісімінсіз жария етілген;

4) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген;

5) осы қағидалардың 19-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда шығарылуы мүмкін.

18✓ Кеңес отырысы:

1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады;

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1✓ Осы Қағидалар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды анықтайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтамәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.

2✓ Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаларын басшылыққа алады.

2-тарау. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

3✓ Кеңестің негізгі міндеттері:

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

4✓ Кеңес өз құзыреті шегінде:

1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;

2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері»

Хаттама №3

Қатысушылар: «Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері»
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы» Ахметова К.Н сөз сөйледі. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелеріне және педагогикалық әдеп қағидаттары ,педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамдары қамтитын негізгі міндеттерді атап өтті. Кеңес қызыметін ұйымдастыруда жүргізілетін міндеттерді педагогикалық әдептің негізгі нормаларын қамтыды.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Дауылбай Ақбаян Д баяндамасында

Педагогикалық әдепте тәрбиеші қолданатын негізгі тактика түрлерін түрлі плакаттармен көрсетіп баяндап , жағдаят сұрақтармен кері байланыс жасап педагогтың жұмыста, ұжымда кездесетін кедергілерден шығу жолдарын көрсетті.

Кеңес шешімі:

1. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелеріне» тоқталу
2. Тәрбиешінің жұмысындағы педагогикалық тактика түрін шешу

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Жетилгенова Д.Н

Жолан А.Т



№17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

«Тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»



Ток-шоу

Тәрбиешінің іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп

Мектепке дейінгі балалық шақ – адам өміріндегі маңызды кезең. Өсіп келе жатқан азаматты тәрбиелеуде қоғам алдындағы орасан зор жауапкершілік тәрбиешіге жүктеледі. Тәрбиеші – анандан кейінгі балаларды өмір жолында қарсы алатын бірінші ұстаз. Ана өз баласына бар жақсыны сыйлайтыны сияқты ұстаз да шәкіртіне жанын салады. Бұл мамандықтың ішкі мәні. Жаныңды беру қиын әрі қуанышты. Бұл қиын, өйткені ол тек ақыл-ойды ғана емес, сонымен қатар физикалық күштерді де жұмсауды талап етеді. Бұл қуанышты, өйткені алынған жұмыстың нәтижесін көріп, өміріңіңді мәнін түсінесіз (А.С. Макаренко).

Ол бір мезгілде дана, жан-жақты білімді тәлімгер және суретші болуы керек, балаларды дамытатын және тәрбиелейтін барлық білімді меңгеруі және оларды балабақшадағы балалармен сабақта кәсіби түрде қолдана білуі керек. Тәрбиешінің бойында шыдамдылық, мейірімділік, әділдік, төзімділік, эрудиция, эмпатия сезімі сияқты қасиеттер болуы керек, өйткені тәрбиеші тек балалармен ғана емес, ата-аналармен де жұмыс істеуі керек. Педагогика туралы тәрбиешінің ой-пікірлерінен өзгеше болса да, ата-ананы құрметтеуге, олардың пікірімен санасуға үйрену керек.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің және қазіргі қоғамның қарқынды дамуы, мектеп жасына дейінгі өмір кезеңінің жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы алатын орнының ерекше болуы тәрбиешінің кәсіби дайындығының деңгейіне қойылатын талаптарды арттырып, оның педагогикалық қызметін ұдайы жетілдіруді қажет етеді.

Педагогикалық шеберлік – тәрбиеші еңбегінде, адамды оқыту, тәрбиелеу, дамыту өнерін үнемі жетілдіріп отыруда көрінетін педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғарғы деңгейі. Педагогикалық шығармашылық оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, ғылыми-практикалық мәселелерді шешуде түбегейлі жаңалық жасауда жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің күйі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық шеберліктің ең маңызды бөлігі – кәсіби білім мен дағды. Үнемі өз бетінше еңбектену, өзіндік өсуге ұмтылу, өзін-өзі тәрбиелеу – ұстаз өмірінің бірден-бір жолы. Л. Толстойдың идеясында адамдар өзін-өзі тәрбиелемей, басқаларды да оқытқысы келетіндіктен, білім беру мәселесі қиын болып көрінеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары барлық жаңалықты жақсы қабылдайды. Жалпы білім беру тәжірибесін дамыту мектепке дейінгі білім беру жүйесінің барлық қызметкерлерінің шығармашылық, инновациялық әлеуетінің көрінуіне ықпал етеді. Педагогикалық шеберлік негіздерінің маңызды құрамдас бөліктері – тәрбиешінің кәсіби білімі, оның кәсіби-гуманистік бағыттылығы, педагогикалық қабілеттерінен көрінеді. Ал, педагогикалық техникасы мен педагогикалық технологиясы оның халықтық тәрбие дәстүрлеріне негізделген рухани-адамгершілік ұстанымдарымен сипатталады.

Әрбір жеке жағдайда тәрбиешінің шеберлігі – шығармашылық. Тәрбиеші балаларға деген көзқараста, балаларға әсер ету құралдарын таңдауда шығармашылық шешімдер іздейді және табады. Балаларға оқылатын шығарма мазмұнында, балаларға әсер етудің құралдары мен әдістерін таңдауда шаблон мен бір сарындылық болмауы керек. Шығармашылық жоқ, монотонды жұмыс педагогты кәсіби әлсіреуге, интеллектуалдық өсудің тоқтауына әкеледі.

Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипаты тәрбиешіні әріптестерінің озық тәжірибесін зерделеуге және алуға итермелейді, білім беру саласындағы жаңалықтарды

игеруге ықпал етеді. Тәрбиешінің шығармашылық қабілетінің жоқтығы балалардың дамуына кері әсерін тигізеді.

Тәрбиеші баланың даму заңдылықтарын білуі керек. Бұл баланың психикалық, физикалық дамуының және жеке бас ерекшеліктерімен байланысты. Сонымен қатар, тәрбиеші балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады. Педагог әдепті болуы, әдептілік шараларын сақтауы, өзін дұрыс ұстай білуі қажет. Ата-аналармен қарым-қатынас барысында сыпайы болуы тиіс. Тәрбиеші балаларды көруге, тыңдауға, сезінуге, олардың психикалық жағдайын түсінуге, әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауысуға мүмкіндік беретін педагогикалық қырағы болуы керек. Тәрбиеші кез-келген жағдайда оптимист болуы керек. Оқу-тәрбие процесінің қиындықтарына кезіксе де, мойымайды. Бала туралы жаман сөз айта алмайсыз, ата-анасына қажетті шара қолдануы үшін шағымдана алмайсыз, керісінше, әр оқушының мүмкіндіктеріне сеніп, баланы жақсылыққа ұмтылу үшін жігерлендіру қажет. Бұл тәрбиешінің даналығы. Мектепке дейінгі тәрбиешінің қызметі өз функциялары мен мазмұны бойынша көп қырлы.

10.2 Тәрбиеші қызметінің маңызы, ұйымдастыру қабілеті

Білім беру мен тәрбиелеу негізінде қалыптасатын жағымды қасиеттер тәрбиеші шеберлігінің мазмұнының негізі болып табылады. Тәрбиешінің маңызды міндеттеріне жатады: балада әртүрлі педагогикалық жағдайларда болып жатқан процестерді дұрыс қабылдай білу, жағдайды таңдауға қатысты «мақсат – құрал – нәтиже» арақатынасын талдау қабілеті, талап ету және сену қабілеті, жылдам әрекет етіп және зейінді ауыстыру мүмкіндігі, балалармен ойнау мүмкіндігі, жағдайды әртүрлі қырынан бағалай білу, сан алуан педагогикалық фактілердің ішінен маңыздысын ажырата білу, кездейсоқ фактідегі маңыздыны көру мүмкіндігі, бір жағдайда әсер етудің әртүрлі әдістерін қолдана білу, өз көңіл-күйін, сезімін, ойын сөзбен, мимикамен, қимылмен дәл жеткізе білу.

Тәрбиеші педагогикалық ғылымның жетістіктерін, озық тәжірибені пайдалана отырып, өз біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Алға ұмтылу, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістерді меңгеру, сонымен бірге халықтың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан дәстүрлерін мысалы; ауызекі халық өнерінің де тәрбиелік мәнін ұмытпау керек. Әрбір педагог өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы, кәсіби интеллектісін арттыру заман талабы. Заманауи баланың қызығушылығын қанағаттандыру, қоршаған әлемді тануға көмектесу үшін әртүрлі білім қоры қажет.

Педагог жалпы балалар ұжымының жұмысын ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен бірге балалардың бір-бірімен, үлкендермен, жалпы «кішкентай адамды» қоршаған әлеммен жеке қарым-қатынасын қалыптастыруға атсалысады. Балабақша тәрбиешісінің жұмысындағы ең маңызды нәрсені ұмытпауымыз керек – бұл оның әрбір сәби үшін жауапкершілігі.

А.С. Макаренко тәрбиешінің жұмысын қарастыра отырып, тәрбиешінің қызметі негізінен ұйымдастырушының қызметі екенін айтты. Тәрбиешінің шеберлігі – бұл балалар өмірін ұйымдастырушының шеберлігі.

Шеберлік – бұл балалардың тиімді дамуын ынталандыратын педагогикалық жағдайларды құру мүмкіндігі. «Тәрбиеші-бала» өміріндегі мәселелерді шешу, шығармашылық ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ұжымға және әр адамға тәрбиелік әсер ету үшін жағдай жасай алады.

В. Сухомлинскийдің пікірінше, нағыз педагог: «Балаларды сүйю – ең бастысы, оларға қамқорлық жасау, әр баланың жеке басын құрметтеу және оған сену, әрбір сәбидің жан дүниесін білу және оны түсіну, баланың рухани әлеміне, табиғатына құрметпен қарау, баланың өзін-өзі бағалауын қорғау және дамыту, әрбір баланың шынайы досына айналу» - деп атап көрсетті. Тәрбиешінің қасиеттері педагогиканың осы гуманистік қағидаларына сай болса, ол баланы зейінді, текті, мейірімді, интеллектуалды дамыған, ұлтжанды, өзгенің мәселесіне бей-жай қарамайтын, мәдениетті, жауапкершілікті, шыншыл, сезімтал, еңбекқор адам болып өсетіні анық.

Дағдыларды шартты түрде гностикалық, конструктивті, қарым-қатынас, ұйымдастырушылық деп бөлуге болады:

- гностикалық дағдылар – тәрбиеші оның көмегімен баланың және жалпы ұжымның жеке қасиеттерін, жеке және жас ерекшеліктерін зерттейтін дағдылар. Баланы оқыту – оның ішкі жан дүниесін танудың негізі. Ол тәрбиешіге мінез-құлық себептерін түсіндіруге, тәрбие мен оқытуды жақсарту жолдарын көруге мүмкіндік береді.

- конструктивті және жобаланған іс-әрекет баланың және балалар ұжымының одан әрі дамуын болжауды, жұмыстың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, нысандары мен әдістерін анықтауды (іс-әрекетті жоспарлауды) қарастырады. Конструктивтік дағдылар: оқу-тәрбие жұмысын жобалау, жоспарлау, мақсатқа жетудің құрамы мен тәртібін анықтау, педагогикалық мәселелерді шешу технологиясын жасау, басқаша айтқанда, балалармен жұмыстың мақсатын, мазмұнын, құралдарын, әдістері мен формаларын анықтау.

- қарым-қатынас дағдылары – ересектер мен балалар арасындағы педагогикалық мақсатқа сай қарым-қатынасты ұйымдастыру. Олар тәрбиешінің түрлі жағдайда әртүрлі адамдармен ортақ тіл табуынан көрінеді.

- ұйымдастырушылық дағдылар тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің әртүрлі іс-әрекет түрлерін орындаудағы іс-әрекеттер жүйесін қамтамасыз етеді.

Тәрбиешінің бойында ерекше дағдылар неғұрлым көп болса, балабақшадағы балалардың өмірі соғұрлым қызықты да мазмұнды болады. Мәселен; ән айту, би билеу, мәнерлеп сөйлеу, өлең оқу т.б.

Педагогтың ұйымдастырушылық қабілетінен балалар іс-әрекетінің нәтижелерінен оның өнімді және өнімсіз әрекетінің сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша тиімділігін көрсетеді. Сонымен бірге оның тиімділігін ұжымның даму деңгейі, оқушылардың білім мен тәрбие деңгейі, қалыптасқан қарым-қатынас сипаты, оқушылар тобының ұйымшылдығы сияқты критерийлер арқылы бағалауға болады.

Педагог-ұйымдастырушының қызметі, басқалар сияқты, келіп түскен ақпаратты өңдеуге негізделген. Ұйымдастырушылық қызмет үшін ең маңыздысы – ұжымның және оның жеке мүшелерінің қасиеттері мен жай күйлері туралы психологиялық ақпарат. Демек, ұйымдастырушылық іс-әрекет психологиялық-педагогикалық әсер етудің және өзара әрекеттесудің әртүрлі әдістерін, құралдары мен тәсілдерін білдіреді.

Л.И. Уманский анықтаған ұйымдастырушылық қызметтің жалпы функциялары мұғалімнің іс-әрекетінде ерекше көрінеді. Олардың ішінде бірінші орынды топтық интеграция, тұлғааралық ішкі бірлікті қалыптастыру қызметі алады. Бұл функцияны жүзеге асырудың нәтижесі топ ішінде қалыптасқан қарым-қатынастар және келісілген әрекеттер болып табылады, яғни ішкі коммуникациялар. Екінші функция – микротоптар

тұлғасы. Мәдениет адамы тұлғасының тұтастығын қамтамасыз ететін өзегі – субъективтілік. Еркіндіктің, адамгершіліктің, руханият пен тіршіліктің бірлігі мен өлшемін қамтамасыз етумен сипатталады.

Н.М. Борышко тәрбиенің мақсаты ретінде субъектінің таңдаудан тұратын және оның мінез-құлқы мен іс-әрекетінде жүзеге асатын ұстанымын қалыптастыруды қарастыруды ұсынады. Адамның қызметі мен мінез-құлқының сипаты оның ұстанымының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Бұл ұғымдар бір-біріне қайшы келмейді. Бұл мақсаттардың негізгі түсінігі қазіргі заманғы мәдениетті тұлғаны жан-жақты дамыту, өзінің даралығын жүзеге асыруға дайындығын көрсетуге бағытталады. Нақты мақсаттар белгілі бір уақыт аралығында толық қол жеткізуге болатын нәтиже ретінде тұжырымдалады. Ол әрбір баладан белгілі бір уақыт ішінде көргіміз келетін дамудағы, оқудағы және тәрбиедегі өзгерістерді көрсетеді.

Көрсетілген бағыттар педагогика дамуының объективті тенденцияларын көрсетеді, сондықтан мақсат-бағыттарды әзірлеу екі аспектіде жүзеге асырылуы керек: белгілі бір тұлға мен даралыққа әлеуметтік қажеттіліктерді көрсететін объективті берілген әлеуметтік тәртіп тұрғысынан, ал субъективті түрде тұлғаның даму ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне байланысты (болмыстың аспектісі) тұрғысынан көрініс береді. Осыған байланысты қазіргі тәрбиелеу мен білім берудің басты мақсаты–әрбір оқушының қоғамда лайықты және қанағаттанарлық өмір сүруіне мүмкіндік беру. Мақсаттарына қарай педагогикалық теория тәрбиені әртүрлі аспектілерде қарастырады.

Біріншіден, тәрбие тұлғаны қоғамға біріктіруге, әлеуметтік рөлдер кешенін меңгеруге бағытталған мақсатты әрекеттерді қамтитын әлеуметтену процесінің педагогикалық құрамдас бөлігі болып табылады.

Екіншіден, білім тұлғаны дамытуға, оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруға барынша көмек көрсетуге, өзінің шыңына жетуге бағытталады.

Үшіншіден, тәрбие адамның «өзіндік» мәдениет элементтерін сіңіруін білдіреді, оның ішінде ең бастысы оның этникалық қауымдастығы мен мәдениетіне өсуін анықтайтын өмір сүрудің құндылықтары мен нормалары, қызметі мен мінез-құлқы, қоршаған ортадағы іс-әрекетімен белгіленеді.

Тәрбие мақсаты айқын әрі нақты өмір жағдайына сай белгіленсе ғана өз нәтижесін дұрыс береді. Оны тәрбиешілердің өз қалауымен анықтауға болмайды. Себебі тәрбие мақсаты қоғамның, мемлекеттің әл-ауқаты және оның саясатымен әрқашанда тығыз байланысты болады.

Тәрбие ұзақ әрі күрделі процесс. Жеке адамның қалыптасуы бүтіндей бір ұзақ дәуірді қажет етеді. Адам баласы туғаннан бастап, есейіп ержеткенге дейін тәрбиенің ықпалында болса, кейінгі уақытта ол өзін-өзі тәрбиелеу процесімен жалғасып отырады.

Тәрбие – көпжақты процесс. Жасөспірімдерді азамат етіп тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы еңбекке әзірлеу процесі қоғамның барлық азаматтарының міндеті, отбасы, мектеп пен жұртшылықпен бірлесіп атқаратын ортақ мақсаты. Дегенмен де ата-аналар мен жұртшылық әрекетін қадағалап, бағыт-бағдар беріп, олардың бала тәрбиесіндегі жұмыстарын бірыңғай бағытта ұйымдастырып отырудың маңызы зор.

(көлденең байланыс) және жоғары ұйымдар (тік байланыс) арасында байланыс орнатуға және әрекеттерді үйлестіруге бағытталған сыртқы байланыс. Үшінші және төртінші функциялар ұйымдастырушылық қызметтің мәнін түсінуден туындайды және осы құбылыстардың кең мағынасында түсінілетін оқыту мен тәрбиелеумен байланысты. Тәрбиешінің іс-әрекетінде бұл төрт функция бірлігі мен өзара тәуелділігімен, бірінін немесе екіншісінің басым болуымен әртүрлі үйлесімде көрінеді.

10.3 Тәрбиенің мақсаттары

Тәрбиенің мақсаттары – бұл педагогтардың мақсатты ықпалының әсерінен болатын адамда күтілетін өзгерістер, педагогикалық қызметтің нәтижесі туралы идеялар.

Тәрбие мақсаты қашанда қоғамның назарында болды. Бұл кездейсоқ емес, өйткені қоғам одан болашақ адамының идеалын көреді. Философтар, педагогтар, қоғам қайраткерлері өз еңбектерінде бұл мәселеге мән берді. К.Д. Ушинский былай деп жазды: «Тәрбие мақсатын анықтауды біз барлық философиялық, психологиялық және педагогикалық теориялардың тірегі деп санаймыз».

Білім берудің мақсаттарын анықтаудың екі негізгі тәсілі бар. Бірінші тәсіл, мақсаттарды әзірлеу кезінде, ең алдымен, қоғамның қажеттіліктерін, демек, талаптарды ескереді. Мақсат қоюдың екінші тәсілі – адамның қажеттіліктерін есепке алуды қамтиды. Сонымен бірге оның әлеуметтік дамуына көмектесу, оның қалыптасқан әлеуметтік жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ету және сонымен бірге оның «менін» сақтау, даралықты дамыту мақсаты болып табылады.

Бала тәрбиесі мемлекеттің, қоғамның міндеттеріне негізделеді. Нақты мәселелерді шешуге қабілетті тануға және өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті адам тәрбиенің жетекші мақсатына айналады. Бұл идеялар Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактикасында» көрініс тапты. Мақсаттар жан-жақты дамыған, рухани байлықты, адамгершілік тазалық пен тәндік кемелді біріктіретін тұлға идеалы тұрғысынан қарастырылды. Ынтымағы жарасқан адам адамдарға, өзіне деген адамгершілік көзқарасымен, биік адамгершілігімен, руханилығымен ерекшеленеді.

Маңызды саяси және экономикалық өзгерістер білім берудің жаңа идеалды мақсаттарын іздеуді талап етті. Қоғамдық санада қазіргі адамның жаңа идеалды бейнесі қалыптаса бастады.

90-жылдардың басында А.А. Бодалев, З.А. Малькова, Л.И. Новикова т.б. ғалымдар тобы қазіргі заманда жас студенттерді тәрбиелеу тұжырымдамасын ұсынды. Ол мұғалімдерді гуманистік тәрбиеге, жеке тұлғамен әлеуметтік қарым-қатынасқа бағыттады. Бұл ұғымды тәрбиелеудегі мақсат – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Оқушыларды құндылықтар жүйесімен таныстыру, балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау, еркіндік сезімін қалыптастыру, бірге өмір сүру ережелерін, нормаларын құрметтеу, өзін-өзі объективті бағалау қабілетін дамыту, еңбекке деген оң көзқарасты тәрбиелеуге бағытталады.

И.М. Ильинскийдің тәрбие тұжырымдамасы мақсат ретінде қоғамға және өзіне қатысты өміршен, гуманистік бағыттағы жеке тұлғаны қалыптастыруды ұсынады.

Тәрбиенің мақсаты, Н.М. Таланчуктың пікірінше, әлеуметтік рөлдердің объективті жүйесін орындауға дайын және қабілетті, үйлесімді дамыған, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру. Тәрбиенің мақсаты, Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, мәдениеттің біртұтас

Тәрбиешінің іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп

Хаттама №4

Қатысушылар: «Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиешінің іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп
2. Педагогтың сөйлеу мәдениеті

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы» Ахметова К.Н сөз сөйледі. «Педагогикалық әдептің қыр –сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді»К.Д Ушинский айтқандай нағыз тәрбиеші бойында болатын таланттарды ашу арқылы бала жанына жарық нұр шашып санасына жақсылық дәннің себеміз деді. Сонымен қатар тәрбиеші бойында болу керек қасиеттерге тоқталды. Олар: мейірімділік, балаға деген шынайы махаббат, әділдік, балаға деген зейін, тіл табыса білу қағандаттарын баяндады.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Кунакбаева А.Б баяндамасынд.

Педагогикалық әдеп –әрбір нақты жағдайда балаға тәрбиелік жағдай жасаудың бірден – бір тиімді құралы педагогикалық тактика болып табылатының баяндады.

Педагогикалық әдепте тәрбиеші қолдануға болатын түрлі триниг түрлерімен ойын жеткізді.

Кеңес шешімі:

1. «Педагогикалық әдептің негізгі мәселелерін қамту»
2. Тәрбиешінің жұмысындағы педагогикалық әдеп пен тактика түрлерімен таныстыру

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Жетілгенова Д.Н

Жолан А.Т

№17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

«Педагогтың бейнесі өзін-өзі тәрбиелеу жолдары»



Бейнероликтер байқауы

Өзін-өзі тәрбиелеу — педагог-психологтың кәсіби шеберлігінің қалыптасу шарты ретінде

«Мүлкімі мен білімі мен тәрбиесім ұдайы жетілсін;
оларымда ғана білімділікке балам беріп,
тәрбиеленуе қабілеттін»

(А. Досторбаев)



- **Әлі күнге дейін еңбектері маңыздылығын жоғалтпаған 1930 жылдардың Ұлы педагогы А.С. Макаренко педагогикаға күтпеген жерден келгендігін, десе де педагогикалық шеберлікті меңгеріп алғандығын мойындайды.**
- **Дәл осындай нәтижеге өзін-өзі тәрбиелей алатын және тынбай еңбек ететін кез келген адам жете алады.**



Өзін-өзі тәрбиелеу — адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие процессінің құрамды бөлігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады.



Әр адамның бір біріне ұқсамайтын ерекшеліктері бар екені сөзсіз. Бірақ сол ерекшелікті көрсету көп адамда қиындықтар туғызады. Бірақ адам шебер педагог немесе әртіс болып та бірден туылмайды. Сыртқы мүмкіндіктердің осы тұста маңызы зор.

- Л.Н. Толстой өзін-өзі тәрбиелеудің келесі міндеттерін көрсетті: «Мен үшін өмірдегі ең маңыздысы осы үш кемістіктен құтылу:

Мінезсіздік

Ашуланшақтық

Жалқаулық

Тұлғалық қасиеттер адамның қалауынсыз және еңбегінсіз қалыптаса алмайды. Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы ең жақсы қасиеттер дамиды.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, ол басқа да әрекеттер сияқты өзінің негізгі күрделі жүйесі, мотивтері, белсенділік мотивтері бар. Әдетте мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен көзі жетілуге деген қажеттілік арқылы түсіндіріледі. Алайда бұл қажеттілік қажеттілік арқылы талаптар арасындағы қарсылықты шешуді құрамайды.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу процесі мүлдем жеке түрде. Алайда одан үш өзара байланысты деңгейді таңдап алуға болады:

Өзін-өзі жоспарлау

Өзін-өзі тану;

Өзара әрекет ету

«Педагогтың бейнесі өзін-өзі тәрбиелеу жолдары»



Педагогтың бейнесі өзін-өзі тәрбиелеудің жолдары

Хаттама №5

Қатысушылар: «Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Педагогтың бейнесі баяндама
2. Өзін-өзі тәрбиелеудің жолдары

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы» Ахметова К.Н сөз сөйледі. Тәрбиешінің сыртқы бейнесі онының өзін дамыту жолдарына арналған сауалнамалар беру арқылы педагог бейнесін негізледі. Педагог бейнесімен қатар сөйлеу мәдениетіне дауыс ырғағына тоқталды. Ұлы ұстаз тәжірбиелеріне сүйеніп олардан ой пірлесуге шақырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Жолан А.Т баяндамасында

Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеудің алғышарттарын ұсынып ғалымдардың ойларымен тәжірбиелерімен бөлісті. Сұрақ жауаптар арқылы кері байланыс жасады.

Кенес шешімі:

1. Педагог бейнесін қалыптастыру
2. Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын бағыттау.

Б\б меңгерушісі:

Хатшы:



Жетілгенова Д.Н

Жолан А.Т

№17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

«Педагогикалық әдеп негізінде кейкілжіндер және олардың
шешу жолдары»



Пікірталас

Педагогтың сөйлеу мәдениеті

Орындаған: Нұрсали Т.Ә.

Сөйлеу мәдениеті - үлкен көсемет,
мәдениетке жағынан терең, ұтымды,
әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық
тілі. Сөз қолдану мәдениетін
арттыратын негізгі шаралардың бірі
- тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті
жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне
жету қиын. Қаншай азам болмасын,
ой-өрісің, білімің, мәдениеті мен
рухани дүниесің
қимсалықты ескері оның жазған
жазуынан, сөйлескен сөзінен
байқалады. «Кісіге қарап сөз
алма, сөзіне қарап кісіні ал»,
- деп ұлы Абай тегін айтаған.
Ана тілінің мол байлығын
игерген, құдіретін, түсінген күшіне
бас иген.



**Үстаз дыбыс сазына, үніне кең, толық, таза, айқын
сүйкімді дауыс беру үшін жағымды саз беруге
дағдылану, жаттығу керек.**

Ғабиден Мұстафин «Сөз құлыреті
ғажап: алтынды мыс, мысты
алтын етіп көрсете алады. Тас
жүректі қорғасындай балқытып,
балқыған қорғасынды тастай ете
алады. Кірлі көңілді тазартып,
кірсіз көңілді кірлете алады», -
деген екен. Олай болса бүгінгі
өмірдің талабына сай жас
ұрпаққа білім мен тәрбие беруде
ұстаздың алатын орны ерекше.



Педагогтың сөйлеу мәдениетінің компоненттері



Фразаларды
құрастыру
кезіндегі
сауаттылық



Баяндаудағы
қарапайымдылық
пен түсіністілік



Мәнерлілік
● Интонация дикция
● Темп, паузалар
● Дауыс ырғағы



Қорыта айтқанда мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарды былай топтауға болады:

- ▶ сөздің жүйесі, түсіністі болуы;
- ▶ сөздің оқушының жас ерекшелігіне сай құрылуы;
- ▶ сөйлегенде дыбыстардың дұрыс айтылуы;
- ▶ дауыс күшінің сақталуы;
- ▶ сауатты, қатесіз жазу;
- ▶ сөздердің тізбесін табиғи заңдылықтармен дыбыстау;
- ▶ сөйлегенде сөз тұңғаларын сақтау, қосымша сөздерді өз орнымен қою;
- ▶ сөйлеу әлемінің сақталуы;
- ▶ сөйлегенде ойдың көлемі мен мазмұндық құрылымын сақтау.

Осы көрсетілген талаптар ұстаз бойынан табылғанын болса, мұғалімнің сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге жеткізуге болады.



Назарларыңызға рахмет!



№17 «Шугыла» бөбекжай балабакшасы

«Педагогикалық әдеп негізіндегі кейсілжіңдерді және олардың шешу жолдары»

Хаттама №6

Қатысқандар: «Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Педагогтың сөйлеу мәдениеті
 2. «Педагогтың түрлі ортада, ұжымда түрлі жағдаяттардан шыға алу жолдары
- Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиешілер Нұрғалиқызы Гүлназ, Даулыбай Ақбаян баяндамалында. Педагогтың сөйлеу мәнеріне дауыс ырғағына тоқталды сонымен қатар өзін ұстау білуі киім мәнеріне тоқталды.

«Педагогикалық әдепте сөйлеу мәдениетінің алатын маңызын түрлі ғалымдардың тәжірибелерімен мысал ретінде көрсете білді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Жолан А.Т. баяндамасында Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық

талаптары қазіргі қоғамда әлеуметтік желілерде педагогтардың видеолары өте көп. Ұстаз мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс.

Кенес шешімі:

1. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті мен бейнесі назарға алынсын.
2. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін



№17 «Шұғыла» б.б менгерушісі :

Хатшы:

Жетилгенова Д.Н

Жолан А.Т.

**"Педагогикалық әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі
келтіретін мәселелерді анықтау"**



Дөңгелек үстел

Педагогтың сыртқы келбет мәдениеті

Сыртқы
келбеті

Кішіну мәдениеті
ресми, жүріс
тұрыс
мәдениеті, дене
өтіміне, сыртқы
келбетіне
ұқыптылықпен
қарау, жағымды
эмоционалды
фон басым
болуы,
жағымсыз
эмоцияны
жасыра білу

Вербалды және
вербалсыз қарым
қатынас

Сыпайы, әдепті,
мәдениетті өзін
өзі ұстай білу;
субординациян
ы сақтай білу;
дикция, сөз
темірі,
интонацияға
баса көңіл бөлу;
сабырлық
таныту

Имидж

Белгілі кәсіби
ұстанымдарды
ұстану,
“авторитарды
тұлға” емес
“демократ тұлға”
келбетін имиджін
қалыптастыру,
ресми және
бейресми лидер
қызметін атқара
білу, өзіне сенімді
әділетті тұлға
имиджін
қалыптастыру

Танымдық
сфера

Жан жақты
ақпаратталған,
өз көзқарасын
анық және
тіпнақты
жеткізе алу,
оқушылар
зейінін өзіне
қарата білу,
білімін үздіксіз
жетілдіріп
отыру, әр
баланың
тұлғасына
жағымды әсер
ету.




Педагогикалық шеберлік

- ол мұғалімнің шығармашылығында, адамды оқытып, тәрбиелеп дамыту өнерін үнемі жетілдіруінде көрініс табатын педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғары деңгейі. Педагогикалық шеберлік- педагогикалық қызметтің жоғары деңгейде меңгерілуі; педагогтің оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін перменді басқарып, мақсаткерлік педагогикалық әсер мен өзара әрекеттестікті жүзеге асыруына мүмкіндік беретін арнаулы білімдерінің, біліктері мен машықтарының, тұлғалық кәсіптік маңызды қасиеттерінің кешені.



Педагогикалық қарым қатынасты ұйымдастыру кезеңдері



Қарым
қатынасты
моделдеу



Тікелей
қарым
қатынасты
ұйымдастыру



Қарым
қатынасты
менгеру



Жүзеге
асырылған
қарым
қатынасты
талдау

Педагогикалық қарым-қатынас руханилықты

қалыптастырудың факторы ретінде.

Қарым-қатынас - рухани құбылыс ретінде. Қарым-қатынас ойымен,

құпиясымен, білімімен, әсерлерімен аласу ретінде. Педагогтың жастарға деген тұлға ретінде, кәсіби-әнгімелесуші және мұғалім ретінде қажетті болуға талпынуы. Студентке (оқушыға) өз танымы мен әлемге деген түсінігі бар қоршаған әлемді бағалаудағы толыққанды күрделі жүйе ретінде қатынас. Диагностика, тәуешілікке, ашықтыққа екі жақты ден қою.

Жанжал педагогикалық қарым-қатыныстың компоненті (құрамдасы) ретінде. Жанжал жағдайындағы өзара байланыстың барысында адамдардың бірін-бірі тануының тұлғалық даму мүмкіндігі.

Қарым-қатынастың жанамалы және тікелей түрлері. «Әлеммен адам сияқты әнгімелесу – жанамалы қарым-қатынастың мәні».

Қарым-қатынастың эстетикалық үлгісі - әлемді игерудің объективті атрибуты ретінде. Қарым-қатынастың эстетикалық түрі, оның өндіріске, эстетикалық құндылықтарды сақтауға, игеру мен тапсыруға бағыттылығы. Эстетикалық қарым-қатынастағы эмоционалдылық, эстетикалықтың қарым-қатынас мүшелерінің күйзелісі мен уайымы түрінде көрінісі. Қарым-қатынас мүшелерінің тілдік қызметі – эстетикалық эмоцияларды бұйырудың тәсілі.





Хаттама №7

Қатысушылар: Балабақина тәрбиешілері.

Күн тәртібінде:

1. Педагогтың қарым-қатынас мәдениеті.
2. Педагогикалық әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау.

Тыңдалды:

Алғашқы сөзді «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Ахметова Калима Н сөз алып бүгінгі дөңгелек үстелдегі қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

«Педагогикалық әдеп және педагогтың қарым-қатынас мәдениеті бойынша Жолан А.Т дөңгелек үстелде қоғамдағы бедеу ала бастаған, ауқымды кең мәселелерді қозғап, тұтас педагогикалық процесс жағдайында қызмет етудің ерекшелігін білдіретін этиканың құрамды бөлігі екендігін естен шығармауды сонымен қатар тәрбиешінің адамгершілік іс-әрекетінің әртүрлі аспектілерін туралы ғалымдардың болжамдарымен негіздеп отырды.

Екінші мәселе бойыншы Серғазықызы Ақбалдақ тәрбиеші бойында болуы керек қасиеттерге байланысты тренинг түрлерін ұйымдастырды. Педагогикалық әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін негізгі мәселелерді атап өтіп өз ойын қортынды сұрақ жауаптармен жеткізді.

Қаулы етілді:

1. «Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің жақсартуға алғышарттар ұсыну.»
2. «Педагог әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді топтастырып жұмыстану.

Б/Б меңгерушісі :

Хатшы:



Жетілгенова Д.Н

Жолан А.Т





Педагогтік

әдеп



Педагогикалық әдептілік – бұл мұғалімнің педагогикалық ұжымда, оқушылармен және олардың ата-аналарымен абыройлы және ұстамды болу қабілеті.



Оқушылармен дұрыс іскерлік және эмоциялық қарым-қатынас орнату – шеберлікті, кәсіби білгірлікті, іскерлік пен дағдыларды тиімді қолдана білу.



Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлігі

Әдептілік – педагогикалық процестің моральдық реттеушілері

Педагогикалық әдептіліктің негізгі элементтері:

- *педагогтың сыртқы келбеті;*
- *іскерлік қарым-қатынас;*
- *мұғалімнің ұқыптылығы, сезімталдығы;*
- *тәрбиеленушіге талпаң қою және сыйласстық;*
- *өз сезімдерін тезірек және қиын жағдайда өзін-өзі ұстау қабілеті;*
- *оқушылардың мінез-құлқы мен қабілеттерін дұрыс бағалау;*
- *білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін жақсы біліп, өз еңбегін өзін-өзі сыни бағалай бітуімен сипатталады.*

МҰҒАЛІМНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар өзіне тән форматтардың сақталуы болып табылады.

Ал ең бастысы алдында отырған 30 бағаны айтып жатқанына сендіре білу, көңіл күйін айтықызбай-ақ түсінуді, дер кезінде көмек көрсету, бұл қасиеттер мұғалім үшін аса маңызды дүние.

Бұл нормалар сөйлеу үлгісіндегі сөздерді дыбыстату, сөздің сазын келтіріп айту тәртібін айтады. Шегер мұғалім үшін ең бастысы ол кіммен болса да тіл табыса алуы, үйде, достарының қасында, ұжымда болғаны жағымды атмосфера тудыра біледі.



Хаттама №8

Қатысушылар: Балабақша тәрбиешілері .

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық тактика
2. Педагогтың мәдениеті мен қарым-қатынас этикасы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Ахметова Калима Н сөз алып .

Педагогтың кәсіптік қызметі мен оны жүзеге асыру кезіндегі құқықтары педагогикалық тактиканы ұтымды пайдалануы тиіс деп баяндалды . Әрбір педагогиканы оқыған ұстаз балаға дұрыс қарым-қатынас жасай білуі және басқалармен сөйлеу барысындағы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау білуін атап өтіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осы баяндама барысында педагог тактикасы мен түйіні шешімеген көптеген мәселелерді жеткізіп айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Даулыбай Ақбаян тәрбиешінін жұмыс барысындағы қарым-қатынас этикасын сақтау жөнінде көптеген тапсырмалар мен өз ойын қортындылады.

Қаулы етілді:

1. «Педагогтың жұмыс барысындағы тактикаларымен бөлісу.
2. Педагогтың этика түрлерін сипаттау.

ББ меңгерушісі:

Хатшы:



Жетилгенова Д.Н

Жолан А.Т



«Ұлы – ұстаз тәжірбиесі сыр шертеді. »



Мерекелік кеш

Ұлы ұстаз тәжірбиесі сыр шертеді

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі Ұстаз. «Ұстаз» деген қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Алғаш рет жол танытып, өмірдің қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниесіне нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алары анық. Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Халқымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген даналық бар. Өмірге бағдар беру, болашаққа нық сенімді азамат тәрбиелеу-ұстаз парызы. Осындай ұлағатты ұстаздың тәрбиесін менде алып келе жатырмын.

Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген тегін айтылмаса керек. Дүниедегі сыйлы адам да ұстаз. Себебі, шәкірт өнер, білім, әдеп тәрбие, кәсіп үйреткен адамының алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп санайды. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай әр педагогтың болашағы үшін алаңдайтын апайымыздың еңбегі еш кетпейді деп түсінемін. Қанша жыл тер төгіп еңбек етсе де, «болдым, толдым, мен бәрін де білемін» деп айтпайды. Ол кісі үнемі ізденіс үстінде жүреді. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жана заманның жана адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отырады. Ұстазымыздың «Еңбек озаты» «Білім ісінің үздігі» «Ыбырай алтынсарин төсбелгісі» «Білімге зор үлес қосқаны үшін» деген төсбелгілері бар.

Ескендір Зұлқарнайын: «Данқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель» десе, мен абырай мен данққа кенелуіме ұстазым Ускенова Камила Мельдеханқызына қарыздармын деп айтар едім. Өйткені жас ұрпаққа терең білім беруге ұстазым бар мүмкіншілікті жасап беруде.

Барлық топта жаңа ақпараттық технологиялармен толық қамтылған.

Педагог кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін түсіну қажет.

Сондықтанда оскелең ұрпақтың болашағын жарқын етіп, өміріне жолдама алуға жағдай жасағысы келсе ізденісті тоқтатпай, кәсіби шеберлік пен білім деңгейін арттыра түссе толық нәтижеге жететінін анық айтамын. Менің алдыма қойған мақсатым; Барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп жан-жақты қалыптастыру.

Мақсатым орындалу жолында ізденудемін. Педагогтердің мектепке дейінгі білім беруде жаңа технологияларды игеру-бала тұлғаның табысты дамуының кепілі.

Жаңа педагогикалық технология кәсіби шеберлікті арттырудың негізі болып табылады. "Жаңадан бастау" "жанарту", "өзгерту" деген мағынаны білдіретін педагогикалық технологияның басты белгілерін былай тұжырымдауға болады:

-Оқыту үрдісінде жүзеге асатын келелі де маңызды педагогикалық мәселені шешуге бағытталады;

-Педагогикалық жаңаландыру мәселелердің жаңа шешімін ұстанады;

-Педагогикалық жаңаландыру жаңа педагогикалық үрдісінің жаңғыруына қол жеткізеді;

Білім беруді ақпараттандыру технологияны пайдалану арқылы дамыта оқытуда тұлғаны бағыттан оқыту мақсаттарын жүзеге асыратын жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы.

Педагогикалық технологиядағы басты міндет-баланың танымдық әрекетін жандандыра отырып, педагогтың кәсіби қызметін жаңғырту арқылы алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады.

Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін идеялық

жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, білім құштарлығын таныту. Әр ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын, ауызша, мәдениетті сөйлесуге үйрету арқылы дағдыландыру әрбір педагогтың абыройлы борышы. Ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдалана өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың негізгі талаптары: психологиялық ахуал туғызу; балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қызығушылықтарын (ынта, ұмтылыс) тудыру; ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы; топтағы әр деңгейлі балалар ескерілуі керек; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру; өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды шығармашылықпен орындауға үйрету; балалардың өзінің үйренгені мен өз түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті такта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпарат банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс -әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдалануға болады.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар, слайд шоу, видео, электронды ойындар, электронды көрнекіліктер, электронды ойыншықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады.

Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені , балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге , ойыншықтарға , әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық құрал электронды оқулықтар бала үшін, тәрбиеші үшін күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру, балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімнің сапалы болуына жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мақсатында жеке жұмыстар әр ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде, тәрбие сағаттарында жүргізіледі. Ән, би үйрету арқылы, әртүрлі қызықты әңгіме оқу арқылы, білуге қызығушылығын оятуға болады.



Хаттама 9

Қатысушылар: Балабақша тәрбиешілері

Күн тәртібінде:

1. Ұлы ұстаз тәжірбиесі сыр шертеді .
2. Педагогикалық әдепте ұстаздың жетістіктері мен еңбектері .

Тыңдалды:

Алғашқы сөзді «Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Ахметова Калима Н сөз алып мерекелік кешті бастады.

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі Ұстаз. «Ұстаз» деген қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Алғаш рет жол танытып, өмірдің қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниені нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алары анық. Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. деп тәрбиешілерге арналған мерекелік кештің қонақтарын шақырды

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері Серғазықызы Ақбалдақ, Нұрғали Гүлназ тәрбиеші жетістіктері мен олардың еңбектеріне арнап слайд баяндамалар көрсетті. Тәрбиеші еңбегінде педагогикалық әдепте, өзін ұстау мен сөйлеу мен педагогикалық тактиканы жетік меңгерген үлгі боларлық тәрбиеші еңбектерін баяндады.

Қаулы етілді:

1. Ұлы ұстаз тәжірбиесімен сыр шерту мерекелік кеш ұйымдастыру .
2. Педагогикалық әдепте ұстаздардың еңбектерімен жетістіктерімен бөлісу.

ББ меңгерушісі:

Хатшы :



Жетилгенова Д.Н

Жолан А.Т